

1. Білім беру органдары, оқу орындары әскери-патриоттық және дене шынықтыру даярлығы бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнын, оқу нысандарын, әдістерін жетілдіру кезінде жастарды даярлаудың оқу бағдарламаларында – табиғи зілзалалар – жер сілкінісі, өрт және басқа да ауқымды апаттар кезінде халыққа көмек көрсетуге белсенді қатысуды көздеуі қажет, бұл әлеуметтік саланың жұмыс істеуіне әсер етеді. Мысал ретінде Қазақстан Республикасындағы 2023 және 2024 жылдардағы табиғи апаттар болып табылады.

2. Жастардың кәсіби дағдыларын жетілдіру үшін бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру және спорт бойынша даярлық деңгейін арттыру мақсатында түрлі техникалық құралдарды, заманауи компьютерлік техниканы (цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, виртуалды тренажерлер және т.б.) кеңінен пайдалану.

3. Жастарды әскери-патриоттық іс-шараларға және еріктілер акцияларына тартатын қоғамдық бастамалар мен жобаларды дамыту маңызды.

4. Әскери-патриоттық тәрбиенің болашағы жастардың бойында патриоттық сезімдерді қалыптастыру үшін қолайлы орта құру үшін мемлекеттің, қоғамның және білім беру мекемелерінің ынтымақтастығын қамтитын кешенді тәсілге байланысты.

Қорытындылай келе, патриоттық тәрбиеге жүйелі көзқарастың қажеттілігі ұлттық бірегейлікті нығайтып қана қоймай, жалпы қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер:

1. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс" ұлттық құрылтайының үшінші отырысында сөйлеген сөзі (2024 жылғы 15 наурыздағы)// Қолжетімділік режимі: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenieglavy-gosudarstva-ktokaevana-tretem-zasedaniinacionalnogo-kurultaya-1525116>

2. 2030 жылға дейінгі жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу Тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 1039 қаулысымен бекітілген)// Қолжетімділік режимі: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300001039>

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ресми сайтының деректері // Қолжетімділік режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mod/press/news/details/428095?lang=ru>

Медеубаева Д.М., Өкен Ж.Б.

«Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Қарағанды қаласы

## **«SPEAKING CLUB» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЖАС САРБАЗ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ БОЙЫНА ПАТРИОТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Қазіргі қоғамда жастарға патриоттық тәрбие беру ерекше маңызға ие. Жас ұрпақты Отанға деген сүйіспеншілік пен Отанға адалдық рухында, мемлекеттік заңға бағынатын азаматтарында патриоттыққа тәрбиелеу мәселелері адамзаттың даму тарихында әрдайым басты назарда болды. [1,2]

Мұның бәрі маңызды құжаттарда - Республика Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында, Қазақстан Республикасы азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламасында және басқаларында көрсетілген.

«Жас сарбаз» сыныптарындағы білім әскери-патриоттық бағыттағы жаңа сападағы білімді қамтамасыз етеді. Әскери сыныптарындағы патриоттық тәрбиенің міндеттері бүкіл білім алу кезеңінде жүргізілетін тәрбие жұмысының бірыңғай жоспарында көзделген басқа тәрбиелік міндеттермен ұштастыра шешіледі.


Оқу процесінің барлық буындары тәрбиеленушілердің бойында адамгершілік-жауынгерлік қасиеттер мен патриоттық сезімдерді мақсатты түрде қалыптастыру үшін қолданылады.

Бұл жұмыстың мәні, өздеріңіз білетіндей, тәрбиеленушілерде өздерінің әлеуметтік борышын білетін және орындай алатын Отан патриоты қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Бұл бізді, мұғалімдерді, болашақ сарбаздарға білімді беріп қана қоймай, олардағы жоғары сезімдер мен идеалдарды тәрбиелеуге, жастарды солай етуге шақыруға ұмтылуға міндеттейді.


Осындай буындардың бірі - Жас Сарбаз сыныптарында Speaking Club жобасын жүзеге асыру. «Жас сарбаз» сабақтарының ерекшеліктерін ескере отырып, ағылшын тілі мұғалімдері жалпыға бірдей білім беру қызметін дамытумен қатар, оқушылардың құндылықтары мен адамгершілік негіздерін қалыптастыру үдерісіне үлкен көңіл бөледі. Мұғалімдер Отанды қорғауға, оның мүдделерін қорғауға, өмірдің барлық салаларында оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген ұмтылыс пен қабілетті қалыптастыруға тырысады.

Осы мақсатта Speaking Club жобасы аясында ағылшын тілі үйірменің бағдарламасына әскери-патриоттық компонент енгізілді, ол негізгі жалпы орта білім берудің ағылшын тілі бағдарламасының тақырыптарымен (әлеуметтік, мәдени және аймақтық-географиялық сипатымен) тығыз байланыста. Бұл үйлесімділік оқушылардың бойында патриоттық сезімді және өз еліне деген мақтаныш сезімін оятады, олардың ұлттық және кәсіби ерекшелігін жақсы түсінуге көмектеседі.

Үйірме сабақтарында оқылатын материалдың мазмұны әскери дайындық негіздерімен тығыз байланысты. Ағылшын тілін оқытуда мұғалімдер арнайы кәсіптік салада тілдік дайындықпен қатар, мамандандырылған пәнаралық тәсілді қолданады. (Сурет 1-2 Сабақ барысында)



Сурет 1



Сурет 2


Сабақта алған білімдерін іс жүзінде қолдану мүмкіндігі оқушылардың сабақ барысында тіл үйренуге деген қызығушылығын сақтауға күшті ынталандыру болып табылады. Үйірме бағдарламаның модульдерінің бірі Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлының әскери жолын зерттеуге бағытталған. Модульдің мақсаты-қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, қазақ батырының батырлық өмірбаянымен одан әрі танысу, адамгершілік және эстетикалық тәрбиені қалыптастыру. Ғалым ретінде Бауыржан Момышұлы соғыстан кейінгі кезеңде қалыптасты, бірақ оның әскери-теориялық мұрасы, бұрын-соңды болмағандай, бүгінгі күні де өзекті. Бауыржан Момышұлының әскери-теориялық мұрасы Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері үшін стратегия мен тактика саласында ғана емес, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде де әскери-теориялық база болуға тиіс. Осы модульді оқыту нәтижесінде Жас сарбаздар көп жетістікке қол жеткізді. Облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі ғылыми - практикалық конференцияларда Б. Момышұлы туралы, оның шығармашылығы мен нақыл сөздерге байланысты тәрбиеленушілер ағылшын тілінде жобалар қорғап жүлдері орынға ие болып жатыр. (Сурет 3- Зерттеу үрдісі)



### Сурет 3

Сонымен қатар, туған өлкеміздің Отанымыздың дамуына үлес қосып, адал еңбек еткен тұлғалардың өмірбаянын, ерлігін зерттеп, «Жас сарбаз» тәрбиеленушілері әр түрлі деңгейдегі байқауларда ағылшын тілінде келесі ғылыми жобалар қорғап, жүлделі орынға ие болды(4-7 суреттер):


- Балқантаудың қасиетті перзенті (Қарағанды облысының еңбек сіңірген ұстазы Арконов Төлеген Жұмашұлы туралы)
- Тоқтар Әубәкіров – батырға құрмет пен данқ
- Әлихан Бөкейханның нақыл сөздеріндегі тәуелсіздік идеялары.



Сурет 4



Сурет 5



Сурет 6



Сурет 7

Ағылшын тілінде ұйымдастырған көптеген интеллектуалдық байқауларға қатысып, Жас сарбаз тәрбиеленушілер жеңімпаз атанып жатыр, мысалы, «Мен елімнің патриотымын» республикалық эссе байқауына белсене қатысып, орындарға ие болды.

Сонымен қатар тәрбиеленушілер ағылшын тілінде "Әдеби күнтізбегі" айлық бейне журналын шығаруды бастады. Мақсаты: оқушылардың оқу дағдыларын дамыту, ағылшын тіліне қызығушылықты арттыру, бейне журналда оқушыларды жазушылар мен акындардың шығармаларымен таныстырып, оқырмандарға сұрақ қойып, жауаптар бойынша ай сайын жеңімпазды анықтап марапаттау.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы мұндай тәсіл тиімді болып табылады, ол жастардың тек ағылшын тілін жақсы меңгермей, сонымен қатар Отанға деген адалдығын, Отанға лайықты қызмет етуге дайындығын, қоғамға және мемлекетке лайықты қызмет етуге, борыш пен қызметтік міндеттерін адал орындауға оңтайлы жағдайларды қамтамасыз етеді.

Патриоттық тәрбиені жүзеге асыру бойынша көптеген жылдар бойы бейінді лагерь жемісті жұмыс жүргізіп келеді. Педагогтердің арсеналында экскурсиялар, іздестіру-жобалау жұмыстары, кіші Отан бойынша азаматтық әлеуметтік жобаларды қорғау сияқты нысандардың болуы тәрбиелеу процесін неғұрлым мазмұнды, жарқын әсерлерге толы етуге мүмкіндік береді, тәрбиеленушілер жүректерінде және жүректерінде барынша терең із қалдырады, патриоттық тәрбие бойынша нәтижелі жұмыс үшін жағдай жасайды.

Мектептегі педагогикалық қызметтің басты ерекшелігі-оқу мен тәрбие процесінің бірлігі, ұлттық мәдениеттің байлығы, халықтың өмір салты, оның дәстүрлері, мінез-құлықтың әлеуметтік нормалары, рухани мұраттар мен құндылықтар толығымен көрсетілген сабақтар, үйірмелер мазмұнының даму және тәрбиелік сипаты [3].

Мектеп іс-әрекетіндегі патриоттық тәрбиенің мақсаты-жеке қасиеттері мен мінез-құлық белгілері, іс-әрекеттері мен мінез-құлқы өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге бағытталған және басқа ұлттардың және жалпы қоғамның мүдделерімен келісе отырып, туған халқының игілігі үшін қызмет ететін саналы азаматты қалыптастыру [4].

Осы мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі жұмыс-азаматтың және өз елінің патриотының адамгершілік тұлғасын қалыптастыру үшін руханилықты қалпына келтірудің бұрыннан келе жатқан қажеттілігі.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі Тәрбие тұжырымдамасы Білім және ғылым министрінің 16 қарашадағы 29 №521 бұйрығымен бекітілген. URL: <http://www.5s.ucoz.ru/pudl/2-1-13>
2. Аронова. А. Патриоттарды тәрбиелеу. М.: Просвещение, 1989.-175б.
3. Золотова Л.А. Бауыржан Момышұлы туралы / -2002. - № 7. - Б.124-125.
4. Патриотизм, халықтар достығы, діни төзімділік рухында тәрбиелеу. Дөңгелек үстел // педагог.2000.№5.б. 41-58

Садықов К.И., Мукашев Ж. К., Маликов Е.Н.  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды  
Садыкова А. Е.  
ҚРІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды

## **МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ БІЛІМІН ШЫНДАП ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ЖОЛДАРЫ**

Қазіргі таңда болашақ отан қорғаушыларды елжандылыққа тәрбиелеудің алатын орыны ерекше болмақ. Біздің пікірімізше тәуелсіз мемлекеттер достығы тарихында отансүйгіштік тәрбие және әскери-патриоттық туралы білім беру тәртіптері мен жолдары ғасырларға тамырымен терең кеткен. Жалпы әлемдегі өркениеттің дамуындағы ерекшелік Тәуелсіз Қазақстан, Мәңгілік Ел жағдайында біз оқушыларға отансүйгіштік тәрбие беруді Қазақ әскери педагогикалық негізінде қарастырамыз. Себебі жаһандану заманында тәрбиелеу процесі батыс еуропа мен американдық үлгіні қабылдап бара жатқанға ұқсайды. Сондықтан халықтық салт – дәстүрлік педагогика негізінде оқушылардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыратын болсақ, Қазақстанның даму жолында өзінің дара сара жолы болады деп есептейміз. Қазақстан қазіргі жағдайда геосаяси және географиялық ерекше ортада тұрған көп ұлтты мемлекет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 1-қыркүйек 2023 жылғы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында бұл мәселенің жоғары екендігі аталып өтті[1].

Еліміздің тәуелсіздік алып, егемендікке жетуі қазақ халқының және республикада тұратын басқа да халықтардың ұлттық дүние танымының өсуіне жағдай жасады. Қазақстанның орта білім беру орындарында оқушыларға этностық ерекшеліктерді, халқымыздың тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұл-қыздарының ерлік істерін назарға алу жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі. Соңғы жылдары қалыптасқан тәрбие жүйесі көпшілік жағдайда сөз, мәліметтік сипатта болып, мектептерде оқушыларды міндетті түрде қоғамдық пайдалы іс-әрекетке қатысуын қарастырмады, олардың патриоттық бағытын дамытуды қиындатты. Бұл қазіргі таңда көптеген мәселелерді қайта қарауды және оқушыларды жалпы Отанның өткендегі ерлік істерін терең сезіммен ұғынуға баулитындай тәрбиенің ерекше тиімді формалары мен әдістерін қарастыруды талап етеді. Әсіресе бүгінгі таңда табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық, білім ғана емес, әсіресе өнегелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды болып табылады[2].

Қазақстан Республикасының оқу орындарында, мектептерде алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнін оқыту барысында жан-жақты зерттеу нәтижесінде оқушылардың көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыратын алғашқы әскери дайындық сабағын өткізудегі рухани-ізгіліктің элементтерін енгізу қажеттігі мен оларды оқу-тәрбие процесіне енгізу мүмкіндіктерінің арнайы зерттелмеуі, ерекше көзқарас қалыптастыру мазмұнының ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделмеуі мен ондағы сабақ өткізудегі рухани-ізгілік құндылықтарының кең қолданылмауы арасында түбегейлі қарама-қайшылық орын алып отыр.